

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Тлеубаева Махаббат Бакытбековна Таным Жаратылыстану

ЖАРИЯЛАНДЫ
19.11.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/85310/>

Тәрбиеші: Тлеубаева Махаббат Бакытбековна

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Жаратылыстану

Тақырыбы: Сиқырлы су

Мақсаты: Зерттеу әрекетіне қызығушылық баулу.

Міндеттері: балаларды судың қасиеттерімен таныстыру (дәмі, түсі, иісі), өмірдегі оның орны мен маңызы туралы түсінік беру, балалардың ой-өрісін, білуге құмарлықтарын және тілін дамыту, «дәмсіз, түссіз, мөлдір» деген сөздер арқылы сөздік қорларын молайту; сумен тәжірибе жасау технологиямен таныстыру арқылы танымдық қызығушылықтарын арттыру; тәжірибе жасау кезде құрдастарымен қарым-қатынас болу дағдыларын, қорытынды жасау, салыстыру қабілеттерін және бақылаушылықтарын дамыту.

Қажетті құрал-жабдықтар: стакандар, су құйылған стакандар, сосудтар, қант, құм, бояу, кофе, лимон, қасықтар, таяқшылар.

Сөздік жұмысы: су, дәмсіз, сүйік.

Билингвальды компонент: су-вода, дәмсіз- без вкуса.

О.І-Ә.К.	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-көзғаушылық	Шаттық шеңбері Қайырлы таң күніміз! Қайырлы таң ауамыз! Қайырлы таң ауамыз! Қайырлы таң жер шары!	Қимылдарды орындайды.

<p>Ұйымдастыру-ізвестірушілік</p> <p>Су туралы өлең оқиды: Егер үстін былғанса, Кім кемекке келеді? Тазалықты бөрінен, Анам жақсы көреді Су дегенің тіршілік, Өмір суру ізгілік.</p> <p>Балалар су бізге не үшін керек? Балалар үйде біз күнде сумен пайдаланамыз. Енді сендер сумен қалай пайдаланатындарын айтып беріңдер. Жарайсыңдар, балалар! Ал қазір құбылыстары туралы жұмбақ жасырамын.</p> <p>Жұмбақтар: Жылт-жылт еткен, Жылғадан өткен Құйсаң шығар гүлдегі, Қатады қыста сіресіп.</p> <p>Дәмі жоқ, түс жоқ Пайдаланбас кіс жоқ.</p> <p>Бұл, жұмбақтар не туралы?</p> <p>Балалар, ал табиғатта суды қайдан кездесуге болады?</p> <p>Ойын: «Тамшылар»</p> <p>Балалар, ал су адамға не үшін қажет? Балалар, сендер су туралы көп жаңа білім білігілерің келе ме? Сондықтан, сендерді «Жас лаборант» клубына шақырамын. Суды зерттеп алуға ұсынамын. Қазір лабораторияға барып, зерттеу жұмысына кірісеміз.</p> <p>Жұмысқа кіріспеу алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап алайық және балалар су туралы дайындаған өлеңдермен мақалдарын тындап алайық.</p> <p>1.Тәжірибе. «Су – бұл сұйықтық» Тәрбиеші: Су-бұл сұйықтық, ол ағады, оны құюға болады. Суды қайда құюға болады?</p> <p>Тағы сумен не істеуге болады?</p> <p>Көне, балалар суды бір ыдыстан басқа ыдысқа құйып көрейік. Қорытынды: су – бұл сұйық нәрсе, оны құюға болады.</p> <p>2.Тәжірибе: «Судың қалыпы бар»</p> <p>Тәрбиеші: Балалар, судың қалыпы бар ма? Тәрбиеші: Судың қалыпын қалай тексеріп білуге болады? Мына сосудтар қай қалыпты?</p> <p>Тәрбиеші: Көне, бұл сосудтарды сумен толтырайық. Қорытынды: Судың қалыпы жоқ, ол құйылған сосудтың қалпына келеді. 3. Тәжірибе «Судың дәмі жоқ» Тәрбиеші:Балалар, қалай ойлайсыңдар, судың дәмі бар ма? Мен дәмін көріп алайын. Дәмі жоқ екен. Ал енді сендер самалмен судың дәмін көріңдер. Дәмі бар ма?</p> <p>Ал енді қасықпен қант алып, басқа стақанға құйылған су ішіне салыңдар.Судың қасықпен шайқап, дәмін көріңдер, дәмі өзгерді ма?</p> <p>Қорытынды: Судың дәмі жоқ, ол дәмсіз, бірақ су өзінің ішіне салған басқа заттың дәмін сіңіп алады. Балалар қалай ойлайсыңдар, судың иісі бар ма? Үстел үстінде сендердің алдында кофе тұр, оны су толған стакан ішіне салып, иісін иіскеп көріңдер. Судың иісі бар ма? Таза судың кофе иісі жоқ, бірақ оның ішіне басқа бір нәрсе қоссақ, ол сол нәрсенің иісін алады. Алдымыздағы су кофе иісін алды.</p> <p>4. «Суда не ериді?» Балалардың алдында үстел үстінде су құйылған стакандар, таяқшалар, қасықтар, құмды қант, құм, бояу. Балалар, егер біз суға құмды, қант салсақ не болады? Су өзгереді ма? Су лай болды ма немесе мөлдір түсті қалды ма? Құм су ішінде еріді ме? Балалар, егер суға біз бояу қоссақ, не болады?</p> <p>Не өзгерді? Бояу еріді ме?</p> <p>«Толқын» ойын-жаттығу. Көне үлкен шеңбер жасап тұрып, кол құрастырайық.</p>	<p>Тақпақты тындайды.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Тістерімізді тазалаймыз, қол беттерімізді жуамыз, ыдыс жуамыз, су ішеміз, ас пісіреміз кір жуамыз, шомыламыз, гүл суарамыз, т.б</p> <p>Балалар жұмбақты шешеді.</p> <p>Балалар жұмбақты шешеді.</p> <p>Су туралы.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Балалар ойынды ойнайды.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Медина,Айзере,Ернар</p> <p>Стақанға, шелекке, вазаға, бөтелкеге, тәрелкеге.</p> <p>Төгіп тастауға, бір ыдыстан басқа ыдысқа құюға болады.</p> <p>Балалар суды құяды.</p> <p>Балалардың алдында әртүрлі сосудтар.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Балалар тәжірибе жасайды.</p> <p>Судың дәмі қышқыл болды. Біз судың дәмін өзгерттік.</p> <p>Балалар, су тәті болды.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Судың кофе иісі бар.</p> <p>Балалар суға қарап, оның қасиеттерін еске салады.</p> <p>Құм салып, араластырады.</p> <p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Балалар суға бояу қосып, араластырады.</p> <p>Судың түсі өзгерді. Бояу еріп, судың түсін өзгертті. Су мөлдір емес.</p> <p>Балалар шеңбер құрап тұрады.</p>
--	--

Рефлексивті-түзетушілік	Балалар, бүгін біз судың қасиеттерімен танысып алдық. Сендердің естеріңде қызықты не қалды? Бүгін сендер судың қандай қасиеттерін біліп алдыңдар?	Балалардың жауаптары. Сұйық, иссіз, дәмсіз, түссіз, мөлдір.
-------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі:балаларды судың қасиеттерін білу.

Меңгерді:су қандай болатынын білу.

Жасай алады:тәжірибен жасап алуға, сұрақтарға жауап беруге.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.